

«КЕЛІСІЛДІ»
«Атырау облыстық
паталогоанатомиялық
бюросы» ШЖҚ
КМҚ директоры:
 Неткалиева А.Р.
24 сәуір 2026 жыл

**«Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМҚ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін
жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасы.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы директорының 3 сәуір 2026 жылғы №41 -ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес құрылған жұмысшы тобы:

1. А.Нугманова - бөлім меңгерушісі, комиссия төрайымы
2. Мурсалимова Б.И. - комплаенс қызметкері, комиссия мүшесі,
3. Д.Ж.Юсубалиева - кәсіподақ комитеті төрағасы, комиссия мүшесі
4. Г.Лукпанова - есепші, комиссия мүшесі;
5. Н.К.Ергалиева - бас лаборант, комиссия мүшесі;
6. А.Хасанова - кадр маманы, комиссия мүшесі

құрылып кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық және медициналық қызмет бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу кезеңіне 2025 жылдың қазан- 2026 жылдың наурыз айлары аралығы кіреді.

Ішкі талдау уақыты 2026 жылдың 6 сәуірі мен 16 сәуір аралығын қамтиды

**Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМҚ –
да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау
Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде қатысты нормативтік-
құқықтық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау:

Талдау жүргізу кезеңінде Әдеп кодексі, Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне қатысты нормативтік - сыбайлас жемқорлық заңнамасы нормаларының сақталуын талдау қорытындылары бойынша Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет көрсетуде қызметкерлердің этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтаумен байланысты тәуекелдердің туындауының расталған жағдайлары анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Талдау жүргізу кезеңінде Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросының ритуалдық қызмет көрсетуде, қызметкерлер тарапына атқарған жұмыстары бойынша арыз-шағым болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар;

Сыбайластық жемқорлықтың алдын алу және болдырмау, сыбайластық жемқорлық туралы заңнама талаптарын толықтай түсіндіру, медициналық қызметкердің кәсіби этикасын мүлтіксіз сақтау мақсатында жоспарлы іс-шаралармен қоса, Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы қызметкерлерімен жүйелі түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады. Кәсіпорын ғимараттарында азаматтардың арыздары мен өтініштеріне арналған жәшік орнатылып, сенім телефоны қызмет атқарады. Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы директоры Неткалиева А.Р. әр аптаның дүйсенбі күндері сағат 16-00 ден 19-00 аралығында жеке азаматтарды қабылдаулар жүргізеді.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросының ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

А.Нугманова

Б.Мурсалимова

Д.Юсубалиева

Г.Лукпанова

Н.К.Ергалиева

А.Хасанова

**Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК -
дасыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға жүргізілген ішкі талдау
анықтамасын алдын ала талқылау жиналыс хаттамасы**

Атырау қаласы

13 сәуір 2026 жыл

Күн тәртібі: 2026 жылдың 6-16 сәуір аралығында АОПАБ-да
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға жүргізілген ішкі талдау
нәтижесі бойынша жасақталған анықтаманы алдын ала талқылау

Қатысқандар: бюро қызметкерлері -22 адам

Жиналыс төрағасы: Неткалиева А.Р.-директор

Жиналыс хатшысы: Мурсалимова Б.И.-комплаенс

- 1) Комиссия төрайымы А.Нугманова сөйледі: Біздің АОПАБ-да 2025 жылдың қазан айы мен 2026 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығын қамтитын ішкі талдау жұмыстары бюро әкімшілігінің 2026 жылғы 3 сәуірдегі №41-ө бұйрығы негізінде ,жүргізілді.Талдау нәтижесімен бюрода медициналық қызмет көрсетуде ,басқарушы ұйымдастырушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, талдау барысында ешқандай арыз шағым тіркелген жоқ.Алдағы уақытта да да бюрода сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жұмыстары ұдайы жүргізілу қажеттігін ескертемін, мүдделер қақтығысына жол бермеуге шақырамын.
- 2) Комплаенс Б.Мурсалимова сөйледі: 2026жылға арналған комплаенс қызметімен жүргізілген ішкі талдау нәтижесін қортындылап , кәсіпорында алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға Сіздермен бірге жұмысты жалғастыруға шақырамын.

Басқа сөйлеушілер болмады.

Қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жиналыс төрағасы:



Неткалиева А.Р.

Хаттама жасақтаған жиналыс хатшысы:

Мурсалимова Б.

«Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» ұжымының жалпы жиналыс

Хаттамасы

Атырау қаласы.

26.03.2026 жыл.

Күн тәртібі: «Атырау облыстық паталогоанатомиялық» сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және алдын алу туралы.

Қатысқандар: Орталық қызметкерлері -18 адам

Жиналыс төрағасы: А.Р.Неткалиева

Жиналыс хатшысы: Мурсалимова Б.И.

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, директор Неткалиева А.Р. сөйледі: Ұжым қызметкерлерін өз қызметтік міндеттерін орындауда сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу шараларын бірігіп атқаруға өз міндеттеріңізге адал болуға шақырамын.

Сөйлегендер:

комплаенс Мурсалимова Б.И. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Біздің Орталықта да осы заңдар негізінде, іс шаралар жоспары жасақталып, медицина қызметкерлерінің Ар-намыс(этикалық) кодексі, бұйрықтар қабылданып, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген-деп, қолданыстағы заңнамаға түсінік беріп өтті.

Жалпы жиналыс Қаулы етті:

1. «Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік ахуалын қалыптастыру, медицина қызметкерлерінің Ар-намыс (этикалық) кодексі талаптарын қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

Хаттама жасақтаған хатшы



Б.И.Мурсалимова.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы хабарлама

2026 жылғы 6 сәуірден 2026 жылғы 16 сәуірге дейін "Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі АОПАБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді:

- * АОПАБ қызметін реттейтін құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда,
- * ұйымдастыру-басқару қызметінде.

1.АОПАБ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы тексеріледі..

2. АОПАБ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Егер Сіз медициналық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде, АОПАБ іс-әрекеттерінде қақтығысқа тап болсаңыз немесе ұсыныстар мен ұсынымдарыңыз болса, Атырау қаласы, Владимирский көшесі,98 мекен-жайы бойынша жүгінуді сұраймыз,

тел.: 8(7122) 282488, 281300

E-mail Patanatomatyr@mail.ru

Объявление о проведении внутреннего анализа коррупционных рисков

С 6 апреля 2026 года по 16 апреля 2026 года КГП на ПХВ "Атырауское областное паталогоанатомическое бюро" (далее АОПАБ) проводит внутренний анализ коррупционных рисков:

- * В правовых актах и внутренних документах, регулирующих деятельность АОПАБ,

- * Организационно-управленческой деятельности.

1.В нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность АОПАБ, проверяется наличие дискреционных полномочий и норм, способствующих совершению коррупционных правонарушений..

2.Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности АОПАБ.

Если вы столкнулись с коллизией в нормативно –правовых актах, регламентирующих медицинскую деятельность, в действиях АОПАБ или имеете предложения и рекомендации, просим обращаться по адресу: г.

Атырау,ул. Владимирского, 98,

тел.: 8(7122) 282488,281300

E-mail Patanatomatyr@mail.ru

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасын талқылау турасында 13 сәуір 2026 жылы жиналыс өткізілетіндігі туралы хабарлама

Егер Сіз медициналық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде, АОПАБ іс-әрекеттерінде қақтығысқа тап болсаңыз немесе ұсыныстар мен ұсынымдарыңыз болса, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 98 мекен-жайы бойынша жүгінуді сұраймыз,
тел.: 8(7122) 282488, 281300 Комплаенс: 87785220860
E-mail Patanatomatyr@mail.kz